

- элеуметтік тиімділік – халықты элеуметтік қорғау саласына арналған инновациялық өнімдер жасау. Көптеген ғалымдар инновацияларды түрлі факторлармен байланыстырып, оны әр түрлі қырынан зерттеді. Олардың мақсаты – инновациялардың адамзат өміріне әсерін анықтау және оны өркениет игілігіне тиімді пайдалану жолдарын іздестіру. Сонымен қатар, инновацияларды өндіріске тиімді енгізу – экономикалық өсудің негізгі факторларының бірі. Қазіргі таңда кез-келген бір кәсіпорынның не фирманың инновацияға деген көзқарасы өте маңызды болып табылады. Сондықтан нарықтық экономика жағдайындағы бәсекелестік көптеген жағдайда инновациялық қызметтерді талап етеді. Қазіргі уақытта ауыл шаруашылығын реттеудің тиімді шараларын интенсивті іздеу, жағымсыз факторларды және мәселелерді жою, ауылшаруашылық өндірісінің басты саласы – АӨК-ін жандандыру басқарудың барлық деңгейлерінде жүргізілуде.

Ауыл шаруашылығының маңызды міндеті бәсекеге қабілетті тауар өндіру болып отыр, ол негізінде инновациялық үдерістер; қалыптасқан ғылыми техникалық прогрестің жетістіктерін қолдану арқылы ауыл шаруашылығын үздіксіз жаңартуға мүмкіндік береді. Ауылшаруашылық кәсіпорындары инновацияны енгізу арқылы шығындарды төмендетеді, өнім өндіру көлемімен табыс, өткізу нарығын бағындырады, ұлттық экономиканың дамуына, оның тиімділігіне ықпал етеді.

Ауыл шаруашылығы өз деңгейінде ұйымдарындағы мәселелердің және инновациялық үдерістердің шешілмеуі мелекеттік саясаттың инновациялық қызметтегі стратегиялық бағыттарын құруға жағдай жасау мақсатында аграрлық сектордағы барлық мәселелерді, қарама қайшылықтарды зерттеуді өзекті проблема етеді [1].

Қазақстан ауыл шаруашылығының инновациялық дамуын тежеуші факторларға төмендегілерді жатқызамыз:

- аграрлық сектордағы инновациялық инфрақұрылымның әлсіздігі;

- ауылшаруашылық өнімдерінің төмен инновациялық белсенділігі;

- мемлекеттік қаржыландырудың жеткіліксіз деңгейі;

- аграрлық ғылымға шығындардың азаюы;

- Ауыл шаруашылық кәсіпорындарының инновациялық тауарды енгізуге және ғылыми жұмыстарға меншік қаражаттарының жеткіліксіздігі;

- ауылдағы білікті кадрлардың тапшылығы;

- маркетингтік жұмыстардың әлсіздігі;

- Ауыл шаруашылығындағы инновациялық үдерістерді ынталандыру механизмдерінің жасалмауы (жетіспеуі) және т.б.

Заманауи жағдайларда ғылыми-техникалық прогресті енгізуді ұйымдастыру механизмін жетілдіру маңызды мәселе. Бұл болжауды, жоспарлауды, элеуметтік ғылыми-техникалық бағдарламаларды жасау және іске асыруды қамтиды. Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін ғылым және техника жетістіктерімен қамтамасыз ету үшін ғылым мен өндірістің интеграциясын кеңейту және тереңдету, АӨК ақпараттық кеңістік қызметін жасау және жетілдіру қажет.

Инновациялық салалардың дамуындағы маңызды бағыттар болып даму институттарын жетілдіру, жаңарту үшін кешенді орта құру, инновациялық қызмет пен инновацияны коммерцияландыру болып табылады. Институттардың дамыған кешені инвестициялық циклді толық қамтамасыз етеді, инновациялық жобаларға әр деңгейдегі қор тартады: бастапқыдан бастап портфельдік, стратегиялыққа дейін.

Инвестициялық компаниялар үшін салықтық жеңілдіктерден басқа да жеңілдіктер мүмкіндігін әрдайым қарастырған жөн, сонымен қатар өз техникасын жаңартып, белсенді түрде инновациялар мен жаңа технологияларды жұмысында енгізіп жатқан ауылшаруашылық ұйымдары үшін жеңілдіктер жүйесін қалыптастыру қажет.

Ғылымның мәртебесін және ғылым шығындарын көтеру қажет, біздің ғалымдарымыз бен кәсіпкерлерімізді, студенттерімізді өнертапқыштық пен енгізу қызметіне тарту жұмысын ұлғайту керек.

Аграрлық экономика үшін инновацияның қажеттілігі сөзсіз, біздің ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілерге қайта қаруланып нарыққа жоғары сапалы, бәсекеге қабілетті өнім шығару керек. Бұл тек мемлекеттің экономикалық жаңару саясаты мен инновациялық салалар дамуы, технологиялық жаңалықтар арқасында болады. Тек экономиканы жаңарту мен инновациялық салаларды дамыту арқылы Қазақстанның экономикасын сапалы жаңа деңгейге көтере аламыз.

Аграрлық саладағы мемлекеттің ғылыми-технологиялық активтерін тиімді басқару үшін, АӨК стратегиялық даму бағытын ғылыми қамтамасыз ету және инновациялар енгізу үшін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігінде 2007 жылы «ҚазАгроИнновация» акционерлік қоғамы құрылды.

Бүгінгі таңда «ҚазАгроИнновация» АҚ жүйесінде 23 ғылыми-зерттеу институты, 14 тәжірибелі шаруашылық және 10 аумақтық, салалық таралған білім орталықтары бар.

Болашағы бар инновацияларды аграрлық ғылымға енгізу үшін 2009 жылы коммер-

цияландырудың салалық кеңсесі құрылды. «КазАгроИновация» АҚ АӨК-тегі инновациялық жүйенің ұлттық операторы. Ол жерде интеграцияның «ғылым-өндіріс-білім» логикалық тізбегі орныққан.

Инновациялық үдеріс - ғылыми білімнің инновацияға рәсімделудің көп кезеңді шаралары. Ол келесі кезеңдерден тұрады: ғылыми техника (технология), – өндіріс, тұтыну. Агроөнеркәсіп кешеніндегі (АӨК) инновациялық үдеріс дегеніміз ғылыми жаңалықтар, зерттеулердің жаңартылған, жақсартылған өнімдерге, материалдарға, технологияларға ұйымдастырылуы және басқарудың жаңа формаларын қайта құру, оларды тиімді пайдалану мақсатында өндіріске енгізу ағыны.

Соңғы жылдардың агроөндірістік сектордағы әлеуметтік-экономикалық дамуын талдау нәтижелері Қазақстан Республикасында ауылшаруашылық өндірісінің қазіргі заманға сай емес, көбінесе тиімсіз, көп еңбек сыйымдылығын көп қажет ететін ұйымдастыру – басқару әдістері және формалары қолданылып келе жатқанын көрсетті. АӨК-дегі нақты сектор кәсіпорындары және инноватор арасында жаңалықтарды енгізу механизмі, ғылыми – техникалық ақпарат және ақпараттандыру жүйесі әлсіз есебінен реттелген және жаңалықты енгізу құрылымдарының сенімді өзара байланысы жетілмеген. АӨК-дегі инновациялық белсенділіктің төмен деңгейі инновациялық игеруді ұйымдастыру – экономикалық механизммен де байланысты. Бұл кешен салалардың дамуындағы тоқырауға, еңбек сыйымдылығының және өзіндік құнның өсуіне әкеліп соқтырады, ауыл шаруашылығының тиімді әлеуметтік -экономикалық дамуына қарамақайшы келіп, тек қана ауыл өмірі ғана емес, бүкіл ел өмірінің сапасын төмендетеді.

Отандық АӨК-тің мәселелері көп түрлі болып келеді, техниканың қазіргі заман талабына сай болмауынан бастап, ауылдың әлеуметтік инфрақұрылым мәселелеріне дейін қамтиды. Кәсіпорындарда өндірісті модернизациялауға қажетті қаржы жетіспеуде. Ал, АӨК-тің ресурстарды өндіру саласы заман талабына сай келмейтін өндіріс құралдарын өндіруде, бұл өз кезегінде ауыл шаруашылығы және оған байланысты сақтау, өңдеу, салаларында қарапайым технологияларды пайдалануға мәжбүрлейді. Нәтижесінде дүние жүзіндегі озық шаруашылықтарға қарағанда еңбек өнімділігінің едәуір төмендеуіне әкеледі. Бұл бағыттың аса маңыздылығына қарамастан адами капиталдағы инновациялар өте баяу жүзеге сауда, бұл аграрлық өндірістің дамуын және ауыл аймақтарының өркендеуін тежейді.

АӨК-тегі инновациялардың болуының үш басты себептерін атап өтуге болады.


Біріншіден, ауылшаруашылық өнімдеріне сұраныстың болмауы. Екіншіден, АӨК-тегі бизнесмендердің, әсіресе кішігірім өндірушілердің немқұрайлылығы. Осы мәселелер бойынша билік пен бизнес арасында біріккен өзара әрекеттің болмауы да тежегіш факторлардың бірі болып табылады. АӨК-тегі инновациялық үдерісті аймақтық, салалық, функционалдық, технологиялық және ұйымдастырушылық ерекшеліктерімен сипаттауға болады. АӨК-тегі инновациялық дамуға әсерін тигізетін шарттар мен факторларды жағымсыз (инновациялық дамудың барысын баяулататын) және жағымды (инновациялық дамудың барысын жылдамдататын) деп бөлуге болады.

Ауыл шаруашылығы саласының инновациялық дамуын тежеуші факторларды төмендегідей жіктейміз:

Жағымсыз факторлар:

- ғылыми мекемелердің жаңалықтарды енгізу құрылымдарымен өзара байланысының тиімсіздігі, ведомстволық бытыраңқылық;
 - аграрлық ғылым әлеуетінің төмендеуі;
 - аграрлық өндірістің күрделі құрамы;
 - АӨК-тегі инновацияларды енгізудің үлкен қаупі;
 - қаржыландырудың төмен деңгейі;
 - өнеркәсіптік және ауыл шаруашылығы өнімдері бағасының сәйкессіздігі;
 - ауыл шаруашылығы білікті мамандардың жетіспеушілігі;
 - ауыл шаруашылығындағы монополияның күшеюі;
 - мемлекеттік инновациялық стратегияның жоқтығы;
 - инновациялық қызметтің мемлекеттік деңгейде басқару және реттеу жүйесінің нашарлығы;
 - азық-түлік өнімдері импорттық үлесінің ұлғаюы;
 - аграрлық сектор және сектордағы инновацияларды несиелеу жүйесінің дамымауы;
 - агроөнеркәсіп секторындағы кадрлар құрамының инновациялық менеджмент саласында дайындығының төмен деңгейі.
- Жағымды факторлар:
- АӨК-те басқарудың әкімшілік-әміршілік әдістерінің жойылуы;
 - шаруашылықтың түрлі формаларын енгізу мүмкіндіктері;
 - АӨК-те ғылыми білім беру әлеуетінің мүмкіндігі;
 - жоғары сыйымдылықты азық-түлік рыногы;
 - экологиялық таза өнімдер өндіру саласында жаңа технологияларды жоспарлы түрде енгізу;
 - елдегі табиғи ресурстардың жан-жақты қамтылған базасының болуы;
 - ғылыми білім беру базасы;

Аграрная политика: механизм реализации



Сурет. Агроөнеркәсіп кешенін инновациялық дамытуға ықпал ететін шарттар мен факторлар



Өлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, аграрлық саладағы жаңалықтардың таралуын АӨК басқару органдарымен, ғылыми және оқу орталықтарымен, тәжірибелі және озат шаруашылықтармен тығыз байланыстағы ауылшаруашылық кеңес беретін аймақтық қызметтерін ұйымдастыру негізінде табысты жүзеге асады. Аграрлық кеңес беру қызметі жаңалықтарды нақты тауар өндірушіге белгілі бір ауыл аумағында жеткізетін, оның бәсекеге қабілеттігін едәуір жоғарылататын АӨК-ні инновациялық жүйесінің байланыстырушы буыны болып табылады.

Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауын жүзеге асыру жолында ауыл шаруашылығы алдында бүгінде жаңа елеулі міндеттер тұр. Инновациялық технологияларды енгізу ауыл шаруашылығындағы басым бағыттардың біріне айналады. Өлемдік тәжірибе ғылыми-техникалық прогрестің макро да, сол сияқты микродеңгейдегі тиімді әлеуметтік-экономикалық жаңарулардың бірден-бір шынайы негізі болып табылатынын растап беріп отыр. Дегенмен, Қазақстанда агроөнеркәсіп кешенінде ғылыми және іске енгізушілік саланы ұзақ жылдар бойы жете бағаламаушылықтың

бар екендігі байқалады, ал ол ғылым мен техника дамуының тоқырауына, аграрлық ғылым беделінің жойылуына, АӨК салаларында ғылыми-техникалық прогресс қарқынының бәсеңдеуіне, өндірілетін ғылыми-техникалық өнімдерге сұраныстың болмай қалуына әкеліп соқтырады.

Инновация саласының дамуындағы негізгі бағыттардың бірі – даму институттарын жетілдіру, инновацияларды коммерциализациялау және модернизациялау үшін кешенді ортаны құру. Қазақстанда шикізатты терең қайта өңдеудің барлық алғышарттары бар, бұл міндетті шешу үшін инновацияларды енгізуді белсендіру қажет [4].

Әдебиеттер

1 Соколов К.О. Инновации в АПК: классификация источников // Вестник ОГУ.- №8.- 2012.- С. 76-79

2 Наука и инновационная деятельность Казахстана 2009-2013 / Статистический сборник / на казахском и русском языках.- 36 с.

3 Наука и инновационная деятельность Казахстана 2008-2012 / Статистический сборник / на казахском и русском языках.- 36 с.

4 Аубакирова Г. Индустриально-инновационное развитие Казахстана: роль государства // Экономист.- №12.- 2014.- С. 53-68.